

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

Мамыр айы 2024 жыл | № 05 (55)

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың

авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590

АЗАМАТ БОЛУҒА ҮЙРЕНЕМІЗ

КАЙРАЛАПОВА ЖАЙНАГУЛ

**Ақтөбе қалалық техникалық шығармашылық орталығының әдіскері,
қосымша білім беру педагогі**

"Азамат болуға үйренеміз" Тренинг сабақ

Бастапқы техникалық модельдеу үйірмесінің оқушыларына арналған.

Мақсаты: Жеке тұлғаның азамат болып қалыптасуында өзіндік қарым - қатынасын дамыту. Үйірме қатысушылардың бойына жағымды қасиетті сіңіру.

Тренинг барысы:

1. Оқушылардың жеке тұлға - АЗАМАТ деген атқа лайықты болуын тамшыдай там- тұмдап бойына сіңіру.
2. Ақ қағазға көк түспен бас бармақты пайдалана отырып, өз қиялдарына ерік беріп сурет салу. Шығармашылық шабыттандыру.
3. "Жақсы азамат болу өз қолыңда" пікір - талас. Сурет сала отырып, өз ойын жеткізе білу.

Әр адам өмір сүру барысында алға қойған мақсат мен мұратына жету үшін өмір сүреді. Бала кезден бойына адами қасиетті сіңіріп өседі. Азамат болып қалыптасу үшін өмір жолындағы қиындықтарға төтеп беруді оқушы кезден бойға сіңіру керек.

АЗАМАТ БОЛУДЫҢ

5 ҚАСИЕТІ:

1. Ақылды
2. Зейінді
3. Принципшіл
4. Шыншыл
5. Тіл табысушылық

АЗАМАТ БОЛУДАҒЫ ЖАҚСЫ ҚАСИЕТТЕР:

1. Сабырлық
2. Сөзбен істе әділ бол
4. Токтамға келу
5. Орынсыз сөз айтпау

СЕРГІТУ СӘТІ:

Ой -жарыс.(Оқушы пікірі)

Таңдалған көк түс - аспан, бәйшешек, ғаламшар, көк жиек

Бас бармақпен сурет салу - Азаматпын, мен біріншімін, басшы болу, Біз -□ □

ЭМОЦИЯ:

Алғыс айту.

Үздік оқушыны мақтау.

Күлімдеу.

Қуану.

Өздерінің □ □ □ □ □ ғұлкендеріне сену

Қорытынды:

Адам болу - қасиет,

Азамат болу - міндет.

Хакім Абай.

ӨСІМДІК БӨЛІКТЕРІ

ТЛЕУҚАБЫЛОВА РАЙХАН СӘРСЕНҚЫЗЫ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы

Бозой жалпы орта білім беретін мектебі

Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы		Бозой жалпы орта білім беретін мектебі		
Пәні:		жаратылыстану		
Педагогтің аты-жөні:		Тлеуқабылова Райхан Сәрсенқызы. Бастауыш сынып мұғалімі		
Сабақтың тақырыбы:		Өсімдік бөліктері		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату 1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу		
Сабақтың мақсаты		Өсімдіктердің негізгі бөліктерін біледі Өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажыратып, салыстырады. Қоршаған ортадағы құбылыстарға бақылау жасай отырып, өсімдіктің негізгі бөліктерін зерттейді		
Құндылықтар		ТАЛАП: Білуге, жаңаны тануға құштар болу		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұ; Зейінін шоғырландыру : Ойын : Оқушылардан өздерін өсімдіктер ролінде елестетулерін сұраймын. Қолдарын жоғары көтеріп, саусақтарының арасын ашады. Оқушылардан нені бейнелегендерін, қандай өсімдікті бейнелегендерін, қандай бөліктері бар екенін сұраймын. -Бүгінгі сабағымыз не туралы екенін сұраймын Бүгінгі сабағымыздың мақсаты: өсімдіктермен танысу. Өсімдік бөліктерін дұрыс құрастырған, атаған оқушыларға – күлегештер, салыстыру жұмыстарын дұрыс жүргізген оқушыларға-гүлдер, серпілген сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушыларды-от шашу арқылы бағалаймын	Сәлемдеседі. Оң психологиялық көңіл күй қалыптастырады.	Көңіл күйлерін көтеріп отыру  Тамаша !	Бейнаба ян көрсету
Сабақтың ортасы 3-8 мин	М.Т Табиғатта тіршілік формалары мен мөлшерінің алуан түрлілігіне қарамастан, өсімдіктердің құрылысы ұқсас болып келеді. Өсімдіктердің мүшелері вегетативтік (өсімді) және	Суреттер арқылы жаңа ұғыммен танысады Жұптық жұмыс жасайды	Дескриптор: Сактар туралы не білетіндерін жазады Өткен тақырыптар туралы біледі, білімін қолданады	Өсімдік бөліктерінің суреттері күлегештер

8-13 мин	генеративтік (көбею)болып екіге бөлінеді.Қоректену және өсу қызметін атқаратын мүшелер вегативті мүшелер деп аталады.Өсімдіктердің ең маңызды вегативті мүшелері өркені және тамыры болып табылады.Өсімдіктердің бұтағы сабақтан,жапырақтардан және бүршіктерден тұрады. Өсімдіктердің генеративті мүшелеріне гүлдер мен олардың пайда болатын тұқымы бар жемістер жатады. Генеративті мүшелер өсімдіктердің жынысты көбеюін қамтамасыз етеді. Т. «Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі . Өсімдік бөліктерін дұрыс орналастыру Өсімдік бөліктерінің дайын суреттерін таратып беремін. Өсімдік бөліктерін құрастыр,айт. Саралау Б.Қ.Қ.Е.О :өсімдік бөліктерін құрастырады	Топтық жұмыс жасайды	Дескриптор: -өсімдік бөліктерін құрастырады О.Қ.Қ.Е.О: өсімдік бөліктерін құрастырады,атайды Дескриптор -Өсімдік бөліктерін құрастырады -Атауларын дұрыс атайды ҚБ: күлегештер арқылы бағалау	Гүлдер
Сергіту сәті 2 минут	Т. Салыстыру: «Зерттеушілік конференциясы» әдісі. «Барлық өсімдіктің бөліктері бірдей ме?» деген сұраққа жауап берулері керек.(гүл мен ағашты салыстыру) Өсімдіктердің ұқсастығы мен айырмашылығын тап. Аз қолдауды қажет ететін оқушылар: Барлық өсімдіктің бөліктері бірдейме? сұрағы арқылы тұжырым жасайды.		Дескриптор - Ұқсастығын табады. -Айырмашылығын табады. -Өсімдік бөліктерін табады -әрбір бөліктерінің қызметтерін анықтайды	Жемістер муляжы
Сабақты қорыту 6минут	Тұжырым:Барлық өсімдіктің бөліктері бірдей аталады.Олар пішініне, мөлшеріне, түсіне байланысты ерекшеленеді. Әрқайсысы белгілі бір қызмет атқарады. ҚБ:Гүлдер арқылы бағалау Ө: «Не жетіспейді?» әдісі.Бұл тапсырмада өсімдік атауларын жазып бояйды.Көршісімен салыстырады. Кері байланыс:күлегештер арқылы бағалау (Ұ)ширату: « Ойлан тап» әдісі «Жемістер мен жидектерді жеу» пантомима ойнау .Бір жемісті көрсетіп пішінін, мөлшерін, түсін,кұрғақ не шырынды екенін сипаттау . Ұ. «Серпілген сауал»әдісі		 Дескриптор өсімдіктің негізгі мүшелерін атайды; -өсімдіктің тамырын «Т»әрпімен белгілейді; -өсімдіктің сабағын «С»әрпімен белгілейді; -өсімдіктің жапырағын «Ж» әрпімен белгілейді; -өсімдіктің гүлін	Тұқым, мақта,су ,стакан

Қосымша тапсырма 2минут Кері байланыс 5 минут	Өсімдік қандай қызмет атқарады? Сабақ деген не? Жемістердің ішінде не болады? Тамыр қайда орналасқан? Тұжырым. Өсімдік бөліктеріне -тамыр,сабақ,жапырақ,гүл,жеміс және тұқым жатады.Жеміс-өсімдіктің бөлігі. Қалыптастырушы бағалау 1-тапсырма Суретке мұқият қараңыз.Өсімдіктің негізгі мүшелерін атаңыз.Өсімдіктің негізгі мүшелерінің атауын сөздің бастапқы әріптермен жазып көрсетіңіз: тамыр-Т, сабақ-С, жапырақ-Ж,гүл-Г,жеміс-ж. 2-тапсырма Суреттегі өсімдіктерге мұқият қараңыз.Өсімдіктердің ұқсас мүшелерін атаңыз.Бос орынға тамыры,сабағы,жапырағы және жемісі бар өсімдіктің суретін салыңыз Т.Зерттеу:Шағын тәжірибелік жұмыс жүргізіңіз.Жұмыс барысында оқушылар «Тұқым қалай өнеді?» деген сұраққа жауап берулері тиіс. Бұл жұмыстың нәтижелері біраз уақытты күтетінін ескертемін. Әр топқа қажетті заттарды заттарды беремін: үрмебұршақ, құтылар,мақта ,су, стақан. Зерттеу шешім:Сонымен тұқымның өнуіне ылғал қажет,сондықтан олар ылғал мақтада өнеді.Мақта құрғақ болмаса тұқым өне алмайды.Тұқым суға батып тұрса ,олар өнбейді.себебі оған тыныс алуға оттегі жетіспейді. ҚБ:от шашу арқылы бағалау	Кері байланыс жаайды 	«Г» әрпімен белгілейді; -өсімдіктің жемісін «Ж» әрпімен белгілейді Дескриптор өсімдіктердің ұқсас мүшелерін атайды: Өсімдіктің негізгі бөліктерін көрсетіп,сурет салады «Instagram» әдісі арқылы сабақ туралы әсерлерін жеткізеді	Суретте р Кері байланыс тақтасы
---	--	--	--	---

МУЗЫКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

ЖИЕНАЛИЕВА ЖЕНИСКУЛ БОЗГУЛОВНА

Музыка пәні мұғалімі

Ақтөбе қаласы «№ 18 орта мектебі» КММ

Бүгінгі таңда еліміздің жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етері анық. Оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – сыныптағы сабақ жүйесі екені бәрімізге мәлім. Осыған орай, тәжірибеде сабақтың қалыптасқан дәстүрлі түрінен басқа, дәстүрлі емес сабақтар түрлері де кеңінен қолданудамын. Олар көбінесе, оқытудың жаңаша әдістеріне негізделіп құрылуда. Ондағы мақсатым - әрбір сабақтың оқу-тәрбиелік мүмкіншіліктерін ескере отырып, оны жаңа сапалық деңгейге көтеру. Оқыту жаңа инновациялық әдістер мен пәнге байланысты жаңа технологияларды пайдалануды көздейді.

«Инновация» деген ұғым латын тілінде жанарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Оның мәні – білім беруге және өздігінен білім алуға негізделген қабілетті дамытады. Қазіргі таңда оқушы – ақпаратты меңгерген, жан-жақты дамыған тұлға. Оның білімдік-танымдық қабілеттерін дамыту үшін мұғалімдер жан-жақты даярланған болуы керек. Осы бағыттарда мектептерде музыкадан теориялық және тәжірибелік білім беру жүйесінен тәжірибелер жинақталған, дегенмен,, музыка сабағын жүйелі оқыту, әсіресе қазақ мектептерінде ұлттық бай музыкалық мұрамызды молынан пайдаланудың жолдары әлі де көрсетілгені дұрыс. Басты мақсат - оқыту мен тәрбиелеу. Көрнекті педагог В. Сухомлинский өз пікірінде: «Өнер - өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал» деп тәрбие үрдісінде өнерге аса көңіл аудару қажеттілігін атап көрсетті. Сырлы да сазды әуендерді бүгінгі күн әуендерімен, классикалық музыкамен ұштастыру, шығармашылықпен тақырыпты түсіндіру, оқушыларды музыка әлеміне қызықтыра білу музыка мұғалімінің өз ісінде біліктілігін талап етеді. Оқуға ынтасы, тәртіптілер мен тәртіпсіздерді де музыка әлеміне қызықтырып, оқушылардың рухани бейнесі мен танымын шыңдай отырып, қоғамның саналы азаматы етіп шығару – ұстаздардың басты міндеті.

Музыка сабағы – музыкалық білім беру үрдісін ұйымдастырудың негізгі формасы. Мақсаттары мен міндеттері, мазмұны, әдіс-тәсілдері музыка сабағының типтері мен құрылымын анықтауға негіз болады. Музыка сабақтары мұғалімнің жоғары музыкалық-педагогикалық даярлығын, оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін, музыка сабақтарын ұйымдастырудың бұған дейін белгілі болған амал-жолдарын үйренуді, оның жаңа үлгілерін зерделеп, сөйтіп музыка сабақтарын оқыту тәжірибесін үнемі жетілдіріп отыруы қажет.

Музыка пәні мұғалімінің сабақтарды өткізуді жоспарлауда басты екі кезеңді, яғни оқу пәнін жүргізудің жалпы және әрбір сабақты жеке өткізуге даярлауды жүзеге асырады.

Жалпы даярлық кезінде мұғалім оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, қарым-қатынасын, бейімділіктерін және музыкалық оқу деңгейлерін зерттейді. Келесіде оқу бағдарламасының, оқу материалының мазмұнын, білімділік, тәрбиелік маңызын анықтайды. Соның негізінде бағдарламадағы оқу материалдарын жартыжылдықтарға біріктіріп, күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрады. Ондай жоспарды құруда міндетті түрде оқу үрдісін ұйымдастыру формалары (экскурсия, семинарлар, практикалық сабақтар және т.б.) және білім, оқу дағдысын қалыптастыру немесе бақылау, түзету, тарату сияқты сабақ түрлері алдын ала ескеріледі. Сондай-ақ оқу-техникалық базасының (оқу кабинеті, кернекіліктер, көру-есту құралдары, музыкалық аспаптар және т.б.) жағдайы да есепке алынғаны дұрыс.

Музыка пәні мұғалімінің әрбір жеке сабақты жоспарлауы едәуір ізденісті, шығармашылықты талап етеді. Бұл жұмыстың алғашқысында оқу материалының мазмұны зерделенеді. Әрине, мұғалім тек бағдарламада қарастырылған оқу материалымен тоқталмай, әдістемелік оқулықтарда, көмекші құралдарда берілген дидактикалық материалдарды терең меңгеруі тиіс және оқушылардың музыкалық тәлім-тәрбиесін жетілдірудің тиімді жолдарын анықтауы қажет.

Музыка пәні мұғалімі сабақты жоспарлау алдында, ең алдымен оқушылар белгілі бір тақырыпты зерттеу барысында, есте сақтау, түсіну (ережелер, оқиғалар, материалдың мазмұны және т.б.), оқу дағдылары (музыкалық шығармаларды орындау, тыңдау, айту және т.б.) және алған білімдерін түрлі жағдаяттарда қолдану сияқты нәтижелерге қол жеткізуін нақтылап алғаны жөн.

Жеке сабақтарды ұйымдастыру күнтізбелік-тақырыптық жоспардың негізінде іске асады. Тақырыпқа байланысты сабақтың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттары анықталады, сабақтың типі және құрылымы ойластырылады.

Бүгінгі күні жаңашыл әдістермен оқыту арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, шынайы дереккөздерінен мәліметтермен жұмыс жасау негізгі мақсат болып айқындалады.

Музыка пәнінде жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми-педагогикалық және психологиялық білімге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде қолдану негізгі шарты болып табылады. Осындай жолмен қалыптасқан білімнің танымдық маңызы да зор.

Интерактивтік тақтамен жұмыс, мультимедиялық көрініс, жаңаша тапсырмалар арқылы сабақты түрлендіре отырып өткізуді жоспарладым. Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беріп, олардың бойына туған жеріне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін сіңіруде ұлттық музыка мәдениетінің алатын орны ерекше. Сондықтан халқымыздың осы мақсатын қайта жандандыру мақсатында балаларды қабілетіне қарай жыраулық өнерге, терме айтуға, шешендікке тапқырлыққа, айтыс өнеріне үйрету басты бағыттардың бірі. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жаңашыл педагогтардың әдістемелерін біліп қана қоймай, оны әркім өз мүмкіндігінше күнделікті сабақта пайдалану қажет. Сонда ғана сабақ нәтижелі болып білім сапасы көтеріледі.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті, бейімділігі баса назарда болуы қажет. Дегенмен оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру - жақсы ұйымдастырылған сабаққа тікелей байланысты. Сондықтан оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыпқа байланысты музыка түрлерінің шығу тарихы, дамыған елдерде музыка түрлері, музыка саласындағы белгілі композиторлардың өмірімен, Қазақстандағы және әлем елдеріндегі композиторлармен, музыка жұлдыздары туралы толық ақпараттар беріп отыру қажет. Сонымен бірге оқушыларға бұқаралық ақпарат құралдары, журналдардың тағы басқа, әлем елдеріндегі атақты композиторлар жайлы және мәдени жаңалықтарға шолу жасап отыру қажет. Осы тұрғыда оқушылар атақты композиторлардың жетістіктерге жетудегі еңбектерімен таныса отырып, өздері де, сабақта әр тапсырманы белсенділікпен орындауға ұмтылады.

Оқушылардың қызығушылығы, белсенділігі жоғарлауы сабақта білім сапасына әсер етері сөзсіз. Ұлы неміс педагогы А. Дейстербергтің «Жаман мұғалім ақиқатты өзі айтып береді, ал жақсы мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойға үйретеді» - дегені, осы тұжырымға негіз болады. Сондықтан да оқушы белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеретін, ойлауға үйрететін ол жаңашыл әдіс-тәсілдер. Барлық оқушы оқуда ең төменгі жеңіл тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін ғана, келесі күрделі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көшіп отырады. Бұл оқушылар арасында бәсекелестікті және оқушының өз қабілетіне, оқуына сәйкес жоғары деңгейге көтерілуіне жағдай жасалады. Өтілетін тақырыптар бойынша қызықты сергіту ойындарын ойнатудың да сабақ сапасын көтеруге ықпалы көп.

Музыкалық білім берудің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың білімін музыкалық шығарма орындау үрдісінде бақылау арқылы қорытындылауға болады. Сондай-ақ, өнер саласы ретінде музыка сабағының ең маңыздысы оқушылардың белсенділігін қолдау, ынталандыру, қолдау екендігін ұмытпаған жөн. Баға беруде тиімді кері байланыс орната отырып, білім алушылардың музыка өнеріне деген жағымды, оң эмоционалдық қарым-қатынасын орнатуға бағыттауымыз қажет.

ТЕНДЕНЦИИ ПРЕПОДОВАНИЯ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

МАХАНОВА ДАРИЯ ИВАНОВНА

Учитель начальных классов

Мангистауская область. Город Актау

Общеобразовательная школа № 5 имени Нуртаса Ондасынова

Начальные классы - важная веха в развитии ребенка. В это время он меняет ведущую деятельность с игровой на учебную. Этот процесс проходит непросто, ребенку сложно приспосабливаться к новой действительности, новому режиму дня, развивать самостоятельность, вливаться в новый коллектив. Поэтому на учителя начальных классов возлагается особая ответственность - он должен адаптировать ребенка к таким масштабным переменам. При этом в работе педагог должен учитывать возрастные особенности ребенка и его психологическую готовность к школе - так что методика обучения в начальных классах — это объемная дисциплина, одна из самых главных для педагогических специальностей.

Современные дети сильно отличаются от детей предыдущего поколения и уж тем более от школьников середины века. Они больше знают, у них больше кругозор при том, что читают они меньше. Они более активны и не стесняются выражать свое мнение. Дети нынешнего поколения меньше замотивированы к школе и имеют больше проблем с поведением и общением со сверстниками. Все это учитель должен учитывать при выстраивании схемы урока.

Тенденция современного образования - учитель больше не кладезь знаний, а проводник к ним. Ребенок сам должен найти необходимые ему знания - учитель лишь должен поставить перед ним проблему и дать необходимые инструменты для поиска. Педагог не должен заставлять ребенка заучивать факты, он учит его учиться самостоятельно, закладывает методологию мышления. Поэтому все чаще встречается проблемно-поисковый подход к обучению детей.

В ежедневной работе учитель начальных классов ориентируется на нормативные документы, утвержденные Министерством образования. Это образовательные стандарты, в которых описан минимум, который должны знать и уметь ученики начальных классов. По этим стандартам учитель составляет планы-конспекты уроков, их придерживается при выдаче самостоятельных заданий и проведении контрольных работ.

Аксиомой развития общества является повышение уровня человеческого капитала через предоставление возможностей получения высококачественного образования. В первую очередь это касается подрастающего поколения, более восприимчивого к инновациям, и это обязательно должны учитывать педагоги. Их основная задача – не только научить детей писать и считать (а теперь и программировать), но и помочь каждому ребенку раскрыть свои возможности, чтобы он с малых лет ощущал себя личностью, смог достойно реализовать свой потенциал в будущем и всегда стремился к самосовершенствованию. За контентом, как таковым, угнаться в современном информационном обществе, практически невозможно; функциональная грамотность — вот тренд современного мирового образования, позволяющий развиваться обществу в дальнейшем. От умения ребят эффективно оперировать в быстро меняющемся мире зависит будущее любого государства. Конкуренция за хорошую работу и инновации уже не будет ограничиваться одним городом и даже одной страной. Подрастающие казахстанцы должны конкурировать на глобальном уровне, это не просто пожелание, это необходимость не такого уж далекого будущего.

Образование было и остается дверью в мир больших возможностей. В стране достаточно активно ведется работа по внедрению в систему школьного образования самых передовых идей и педагогических технологий. Повышая качество знаний наших школьников, мы тем самым готовим их к миру гораздо более сложному и быстрому нежели тот, в котором жили мы. В идеале все выпускники казахстанских школ должны быть конкурентоспособными. Конкуренция за хорошую работу и инновации уже не будет ограничиваться одним городом и даже одной страной. соответствовать международному уровню.

В развитии образования в последние годы наметилось несколько новых трендов, и их необходимо отметить. Учитывая то, что многие из трендов уже знакомы педагогам, я просто коротко остановлюсь на некоторых из них. Среди современных трендов в образовании хотелось бы отметить использование открытых онлайн-ресурсов, которые включают в себя десятки тысяч видео-инструкций на любую тему школьной программы.

Геймификация обучения говорит на языке, понятном детям, незаметно вовлекая их в процесс формирования знаний, умений и навыков. Некоторые учителя, используют игровой подход в действии используя различные онлайн игровые платформы. Так, класс может быть разделен на группы, состоящие из разного рода мифических персонажей: орков, эльфов, волшебников и алхимиков и тому подобных, понятных только школьникам существ. Полностью вовлекаясь в учебный процесс, получая баллы опыта, манны, «прокачивая» своих персонажей за правильные ответы, дети полностью погружаются в учебный процесс, который уже не рассматривается как что-то скучное. Ученики объединяются, пытаются вызволить своих соратников из плена после неудовлетворительного ответа. Помнится, мой сын был очень счастлив похозяйничать в здании своей школы, созданной старшеклассниками в игре Minecraft.

Я верю, что будущее именно за дополненной реальностью. Многие, наверное, видели книги, открывая страницы которых читатель видит трехмерное полностью анимированное и озвученное изображение на своем гаджете. Представляете, какие возможности это зарождает для активного обучения! Широко распространены трехмерные виртуальные модели (клеток, животных, молекул, планет, человеческих органов), используемые в зарубежных школах. Сейчас в поездках за рубежом достаточно навести видеокамеру на текст на иностранном языке, чтобы Google-линза совместно с переводчиком сделали за вас всю работу по переводу с неизвестного языка.

Развитие онлайн и мобильных технологий открывает возможности для персонификации обучения. Доселе сложно реализуемые методы дифференцированного обучения, когда каждый ученик прогрессирует со свойственной ему скоростью обучения, становятся вполне реальными.

Крупные массивы данных (Big Data) – это еще одно полное возможностей направление развития образования. Даже самое малейшее действие ученика в виртуальном пространстве может сейчас быть проанализировано подробно и с высокой точностью. Это огромное поле для исследователей в сфере образования, способных работать с крупными массивами данных.

Искусственный интеллект уже прочно вошел в нашу жизнь. Дети легко общаются с такими техническими новшествами как Google, Алиса, Siri, Alexa (Apple Siri, Amazon Alexa, Google Assistant, Microsoft Cortana). Искусственному интеллекту достаточно лишь несколько секунд, чтобы понять и ответить на правильно заданный вопрос. Это веяние пока не сильно развито в системе среднего образования, но воспринимать его стоит очень и очень серьезно.

Учитель, создающий не только институт школы, но также и экономику, инновации, прорывные технологии, духовное содержание общества, его демократический костяк и другие аспекты общественной жизни. В руках такого учителя буквально находится будущее нации, как бы банально и избито это ни звучало.

Учитель, который обучается в течение всей жизни и постоянно повышает свою квалификацию. Учитель, для которого диплом педагога является ключом в прекрасным мир образования, где есть масса возможностей для профессионального роста, возможностей, которые он стремится использовать.

Учитель, обучающий не только школьников, но и более молодых коллег. Учитель, готовый делиться знаниями с ними не только в своей школе, но и за ее пределами.

Учитель – это духовно-нравственный ориентир для ребенка, способный привить нашим юным гражданам краеугольные ценности казахстанского общества.

В недалеком будущем в мире кибернетики, искусственного интеллекта, квантовых компьютеров, геной инженерии, колонизации Марса, в первую очередь, учитель должен обладать человечностью и моральным стержнем, основы которых он закладывает у подрастающего поколения.

ДЕФЕКТОЛОГ – ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЖАЛҒАСАТЫН КӘСІП

АЛЬМУХАММЕДОВ НУРКЕН АЛИМГЕРЕЙҰЛЫ

Логопед-дефектолог

Түркістан облысы, Мақтарал ауданы, Мырзакент кенті

«№ 6 арнайы кешен Балабақша-бастауыш мектеп-интернаты» КММ

Халық даналығы: «Бір жыл есте қалсын десең, ұзақ есте қалғың келсе, гүл ек, мәңгі есте қалғың келсе, балаңа үйрет» дейді.

Менің мақсатым – сөйлеу тілі бұзылған оқушыға ана тілін меңгерудегі қиындықтарды жеңуге көмектесу, дыбыс шығарудан өз бетінше, егжей-тегжейлі тұжырымдауға дейінгі қиын жолдан өту және студенттерді білім беру бағдарламаларын сәтті меңгеруге дайындау.

«Қозғалтқышты іске қосып», дыбыстарды дұрыс айтуды, сөзбен шатастырмауды, сөйлемдерді дұрыс құруды үйреткенде, нәрестенің көздері қуаныштан қандай қуанышқа бөленеді! Бала өз пікірін білдіріп, не ойлағанын, не армандағанын айта алатын болса, «қанаты өседі».

Менің педагогикалық іс-әрекетім балалардың сөйлеуінде ғана емес, психологиялық және интеллектуалдық дамуында да оң нәтиже береді. Бұрын сөйлеу тілі бұзылған балалармен логопед мұғалім жұмыс істесе, бүгінде сіз психолог пен дефектолог рөлін алып, аралас бұзылыстарды жиі кездестіресіз.

Бүгінгі таңда ерекше қажеттіліктері бар балаларды біріктірілген және инклюзивті оқыту белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанына назар аударғым келеді. Бұл, ең алдымен, мұндай балалар санының тұрақты және өте жылдам өсіп келе жатқандығына байланысты.

Менің ойымша, дамуында кемістігі бар балалардың өсуінің себебі жүктілік ағымына әсер ететін қоршаған ортаның нашарлауы, патологиялық жүктілікті сақтауға мүмкіндік беретін медицинаның жетілдірілуі, босану кезіндегі асқынулар және жүктіліктің сақталуы болуы мүмкін. патологиямен туылған балалардың өмірі, ата-анасының жаман әдеттері.

Мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балаларды инклюзивті оқыту олар үшін қарапайым балалармен білім алу және жан-жақты тұлғалық даму үшін барабар және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін арнайы, бейімделген ортаны құруды көздейді. Бұл сала өз жұмысын сапалы, уақтылы және жылдам орындауға дайын мамандарды қажет етеді. Жас ұрпақтың, бүкіл халықтың бақытты болашағы осы мамандарға байланысты.

Мен дефектолог мамандығы алдағы жиырма жылда танымалдық шыңында болатынына күмәнсіз сенімдімін. Ал бүгінде мен өзімді дефектолог деп санауға болады, себебі ол – мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету, тәрбиелеу, тәрбиелеу және дамыту жұмыстарымен айналысатын мұғалім, қазіргі таңда кәсіби қызметімде осымен айналысамын.

Таңдаған мамандығым бойынша жұмыс істей отырып, мен оның медицинаның жанашырлығы, педагогиканың даналығы мен психологияның көрегендігі үйлесім тапқанына қуанудан жалықпаймын.

Менің мамандығым ең маңызды, жауапты, ізденетін мамандықтардың бірі, бұл өте қызықты, сіз күн сайын балаларыңызбен қуаныш сезімін сезінесіз, өзіңізді пайдалы сезінесіз, ал пайдалы болу - үлкен бақыт деп білемін!

Отандық медицинада екі деңгейлі жіктеу қолданылады, ол ең алдымен тиісті патологиялық әсер ету уақытына, сондай-ақ зиянды фактордың зақымдану сапасына және оның жалпы ауырлығына негізделген.

«Әсер ету уақытына қатысты (арудың басталуының және оның дамуының сипаттамалық белгілері мен ұқсастықтарын қоса алғанда) бұл классификация олигофренияның үш негізгі тобын анықтайды, атап айтқанда:

- отбасылық және тұқым қуалайтын олигофрения;
- эмбриональды немесе ұрықтың зақымдануы;
- босану кезіндегі, бала өмірінің алғашқы айлары мен жылдарындағы белгілі бір зиянды әсерлер аясында олигофренияның дамуы.

Мектеп жасындағы балалардағы олигофренияны балаға тиісті назар аудару арқылы анықтауға болады, атап айтқанда, оның зейінінің жоғарылауына, нашар жұмысына және мінез-құлық ерекшеліктеріне байқампаздық. Ақыл-ой кемістігі жиі бас ауруы, құрысулар, тиктер және аяқ-қолдар зақымданған кезде ішінара паралич түріндегі симптомдармен бірге жүреді.

Олигофрения – ауыр деменциямен сипатталатын психикалық ауру. Ол туа біткен немесе балалық шақтан пайда болуы мүмкін. Тәуелсіз ауру ретінде олигофрения XX ғасырдың басында оқшауланып, зерттелді, ал оған дейін кез келген психикалық бұзылыс олигофрения деп аталды.

Ақыл-ой кемістігінде ең алдымен баланың интеллектісі зардап шегеді, сондықтан диагноз көбінесе мәселенің осы аспектісіне назар аудара отырып, «ақыл-ой кемістігі» немесе «ақыл-ойдың дамымауы» қамтиды.

Ақыл-ой кемістігі мен ақыл-ой кемістігінің ауырлық дәрежесіне байланысты бірнеше дәрежеде диагноз қойылады. Негізінен ақыл-ой кемістігі ерте жаста танылуы мүмкін. Генетикалық деңгейде дамиды ақыл-ой кемістігі жүктілік кезінде ұрықта анықталады (антенаталдық емханада және перзентханада скринингтік тексеру). Егер фенилкетонурияға тән белгілер (психикалық дамуы тежелудің бір түрі ретінде) анықталса және емдеу бала екі-үш айға толғанға дейін басталса, интеллектінің сақталуына мүмкіндік бар. Осыны ескере отырып, неонатальды кезеңде де, ерте балалық шақта да педиатрдың бақылауы өте қажет.

Жалпы алғанда, мүмкін болатын шаралар аясында уақтылы емдеу баланың тәуелсіз өмір сүру жағдайларына қалыпты бейімделуіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

* * * * *

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ БАЛАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚИТУ ЖҰМЫСЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЛАРЫН ДАМУ

ТӨЛЕКБАЕВА ЖАНСАЯ ҚАРШЫҒАҚЫЗЫ

Мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі

Ақтөбе қаласы «№ 39 қазақ орта жалпы білім беру мектебі» КММ

Мектепалды даярлық – бұл ең алдымен бүлдіршіндердің үлкен өмірге басатын алғашқы қадамы, бірінші баспалдағы десе болады. Өйткені бала балабақшадағы алаңсыз сәби шағымен қоштасып, жауапкершілік сезімін қалыптастыра бастайды. Даярлық сыныбындағы оқу-тәрбие ісінің маңызды мәселелерінің бірі балалардың өмірін қорғау және денсаулығына қамқорлық жасау болып есептеледі.

Жеті жасқа қарай бала ағзасы белсенді түрде дамып, жетіледі. Ми саласы ересектердікі тәрізді қалыптасқан. Қозғалыс саласы жақсы дамыған. Сүйектену процесі жалғасады, бірақ омыртқаның иілуі әлі де болса тұрақты емес. Ірі және әсіресе ұсақ бұлшық еттердің дамуы жүреді. Саусақ бұлшық еттерінің үйлесімділігі қарқынды дамиды. Баланың жалпы денесінің дамуы оның ұсақ моторикасының дамуымен тығыз байланысты. Қолдардың саусақтарын жаттықтыру баланың интеллектісін арттыру, сөйлеуін дамыту және жазуға дайындаудың құралы болып табылады.

Мектепалды даярлық білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді, 6-7 жастағы балалардың интеллектуалдық және дене дамуына жағдай жасайды.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеті- балалардың мектепте оқуға ынтасын және оған эмоционалдық дайындығын қалыптастыру. Мектепалды даярлық білім беру бағдарламасы баланың мектепте білім алу даярлығын (әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігерлік, физикалық және зияткерлік даярлығы) қамти отырып, баланың коммуникативтік дағдыларының қалыптасуына, танымдық және әлеуметтік мотивтерінің көрінуіне, қызығушылығы мен білім алуға деген құштарлығының дамуына ықпал етеді.

Аталған жастағы балалар мектепте оқуға қызығушылық таныта бастайды.

Мектепке қызығушылық ересектермен қарым-қатынас, мұғаліммен кездесулер, оқушылармен бірлескен іс-әрекеттер, мектепке бару, мектеп тақырыбына мазмұнды-рөлдік ойындар ойнау арқылы дамиды.

Ең бастысы-балалардың дамушы қызығушылығын жаңа әлеуметтік көзқарасымен («оқушы болғым келеді»), өз жетістіктерінің өсуін сезінумен, жаңаны меңгерумен және танымның қажеттілігімен байланыстыру. Педагог балалардың зейіні мен есін дамытуға ұмтылады, қарапайым өзін-өзі бақылауды, өз әрекеттерін реттеу қабілетін қалыптастырады. Бұған балалардан бірнеше белгілері бойынша нысандарды салыстыруды талап ететін алуан түрлі ойындар, қателерді іздестіру, есте сақтау, жалпы ережені қолдану, іс-әрекеттерді шартымен орындау көмектеседі.

Алты жастағы балалардың өзіндік сана-сезімінің маңызды көрсеткіші өзін және басқаларды бағалауы болып табылады. Өзінің болашақ бейнесі туралы оң көзқарасы балаға өзінің кейбір кемшіліктеріне сын көзімен қарауға және ересектердің көмегімен оларды еңсеруге мүмкіндік береді. Өзінің «Менін» оң қабылдау іс-әрекеттің жетістігіне, достар таба білу қабілеттілігіне, олардың өзара әрекет жағдайларындағы оң қасиеттерін көре білуге ықпал етеді. Өзінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін білу айналасындағы адамдардың құндылығын түсінуге көмектеседі.

6-7 жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқыту олардың дене, ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық дамуын, денсаулығын нығайтуға және білімі, біліктері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепалды даярлық сыныптарда оқу жүктемесі – 24 сағатты құрайды, оның ішінде 20 сағат ұйымдастырылған оқу қызметіне, 4 сағат-вариативтік компонентке беріледі. Мектепалды сыныптарда ұйымдастырылған оқу қызметінің саны-төрттен артық емес ұзақтығы 25-30 минут. Олардың арасындағы үзілістердің ұзақтығы 10-12 минут болуы тиіс, олардың барысында орташа қарқынды қимылды ойындар ұйымдастырылады.

Осы жастағы балаларға арналған педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері білім беру салаларын кіріктіру, заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен қамтамасыз ету, қарым-қатынас арқылы білім беру үдерісін интерактивті құру, зерттеу қызметі, ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық, ақпараттық- коммуникативтік технологиялар арқылы жүзеге асырылады.

Даярлық сынып тәрбиешісінің міндеті бұлдіршіндерді жан-жақты дамыта тәрбиелеу болса, мен өз жұмысымда мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа стандартын басшылыққа аламын. Баланың қимыл-қозғалысы жеткілікті болғанда ғана денесі қалыпты дамиды. Сыныпта өткізілетін ертеңгілік жиындар, шаттық шеңбері, сергіту жаттығулары осы талаптарды көздейді. Ойын әрекеті барысында балалардың ой-өрісі қалыптасып, сан қырлы іс-әрекеттері дамып, жеткіншектердің жан-жақты дамуына жол ашады.

Балаларда өздерін қоршаған ортаға деген қызығушылық сезім қалыптасады. Өз ойларын ашық, еркін білдіруге үйренеді. Тәрбиеші балаларды отаншылдыққа, елін, жерін қорғауға тәрбиелейді. Әсіресе сауат ашу, тіл дамыту сабақтарында жаңа технология элементтерін көптеп пайдаланамын. Баланың дұрыс сөйлеуін және ана тілінде қарым-қатынас мәдениетін дамыту, ана тілінің дыбыстарын танып, дұрыс айтуды үйрету, оқуды меңгерту – басты мақсатым. Адамгершілік құндылық бағдарын, мінез-құлық нормасын, тәртіптік ережесін халықтық салт- дәстүр үлгісінде қалыптастыру бүгінгі күннің талабы.

Баланың тұлғалық дамуын, мінезін тәрбиелеу мен қалыптастыруда басты міндет – олардың жан-жақты болып өсуін қадағалау. Баланың мектепке даярлық кезеңінде болуы, оның жаңа жағдайға әлеуметтік психологиялық бейімделу мезгілі болып табылады. Даярлық сыныптың негізгі міндеті – баланың бастапқы жеке басын қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту. Баланың бастапқы жеке басын қалыптастыру үшін біз ең алдымен балаларды мектепке бейімдеуіміз қажет.

Бала мектепке келгеннен кейін оқу оның негізгі іс-әрекетіне айналады. Мектепте бала белгілі бір мерзім ішінде қабілеттілік пен икемділіктің белгілі мөлшерін меңгеріп және оларды талдауды үйренеді. Жалпы білім беретін мектептердің алғашқы сыныбына келген балалар оқу жүйесінде айтарлықтай қиындықтарды басынан өткереді. 5 – 6 жасар баланың мектепке баруы оның өмірінде ерекше оқиға болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңнен мектеп жасына өтуі баланың іс-әрекетінде, басқа адамдармен қарым-қатынасында ерекше өзгерістермен байланысты.

Даярлық сыныпта бала ең алдымен айналасындағы басқа балалармен қарым-қатынас жасауды, әдептіліктің алғашқы ережелерін үйренеді. Адамгершілік құндылықтарды түсіне бастайды, өз-өзіне қызмет жасауды меңгереді.

ҚАЗАҚТЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ

АБДРАМАНОВ КЕНЖЕҒАЛИ УТКЕЛЬБАЕВИЧ

Музыка жетекшісі

Түркістан облысы, Мақтарал ауданы. Мырзакент кенті.

Түркістан облысының білім басқармасының

«№ 6 Арнайы кешен балабақша-бастауыш мектеп-интернаты» ККМ

Ұлтымыздың бүкіл рухани игілігі 20 ғасырға дейін жазбасыз түрде дамып, ауыздан-ауызға, әкеден-балаға, ұстаздан - шәкіртке, өткеннен - болашаққа жеткізіліп отырған.

Шаруашылықтың көшпенді және көшпенді емес түрі ұлттық аспаптардың, музыкалық дәстүрлердің ерекшеліктерін, қазақ қоғамының өмірі мен тұрмысының, сөздік және ақындық көркемөнердің біртұтастығын көрсетеді.

Музыка өзінің алғашқы кезеңінде ескі көшпелі қоғамның қажеттілігінен туып, ірі діни және тұрмыстық салт-дәстүрлермен біртұтас дүниеге айналды. Қазақ этносының қалыптасу кезеңінде пайда болған ірі эпикалық баяндаулар – жыраулар орындауындағы жырлар әртүрлі дәстүрлермен байланысты болды. Халық жадында жүзден аса эпос сақталған, олар мың өлең жолынан тұрады, қыл қобыз немесе домбыра арқылы орындалған. Халық шығармашылығының сүйікті жанры, батырлық және лирикалық – тұрмыстық эпостар қатарында “Қобыланды”, “Алпамыс”, “Ер - Тарғын”, “Қамбар”, “Қыз-Жібек”, “Қозы - Көрпеш - Баян сұлу”, “Еңлік және Кебек” жырларын айтуға болады. Бұлар қазақ тарихына қатысты нақты оқиғаларды аңыз, мифологиялық түрде жеткізеді.

Халық музыка аспаптарының көне үлгісі ретінде кейін пайда болған күй де - өзінің бастапқы кезеңінде магиялық міндеттерді атқарған. Екі дәстүрдің – эпикалық және аспаптық дәстүрдің шығуы халық санасында атақты әулие – Қорқыт есімімен (бірінші жырау және шаман, “күй атасы” және қыл-қобызды жасаушы алғашқы шаман есімімен) байланысты.

Қорқыт өзінің ұрпағына ұлы мұра – қобыздық күйлер - “Қорқыт”, “Желмая”, “Тарғыл тана”, “Елімай”, “Ұшардың ұлуы” сияқты және т. б. шығармалар қалдырды. Олардың бір бөлігі дыбысты беру сипатымен ерекшеленді және табиғаттың табиғи дауыстарын, өмір, өлім, тұрмыс туралы философиялық ойларды берген. Барлық шығармаларда, бір күйден екінші күйге көшкенде музыкалық әуендер бір немесе бірнеше рет қайталанады.

Домбыра мен сыбызғы аспаптарының даму тарихы да ғасырлар қойнауына кетеді. Домбыраның пайда болуы туралы мынадай археологиялық қазбалар мәлімет береді: ежелгі қала Хорезмді қазғанда екі шекті аспапта ойнап тұрған музыканттардың терракотты бейнелері табылған. Ғалымдар екі мың жыл бұрын Хорезм қаласынан табылған екі шекті аспаптардың қазақ домбырасымен ұқсастығын және оның Қазақстан территориясында тұрған ертедегі көшпенділердің қолданған аспаптарының бірі деп бағалайды.

Домбыра және сыбызғылық музыканың көне үлгілеріне құстар мен жануарлардың атауларымен күй – аңыздар жатады – “Аққу”, “Қаз”, “Нар”, “Ақсақ қыз”, “Ақсақ құлан” батып бара жатқан балалар мен аңдар туралы - “Жорға аю”, “Зарлау”, “Жетім қыз” және т. б. күй – аңыздар. Бұлар ерте кездегі діни сенім – нанымның, әдет-ғұрыптың жаңғырығын осы күнге дейін алып келген.

Қазақ музыкасы өзін шектеген дін мен дәстүрлерден арылып, дербес көркемдік шығарма ретінде дами бастаған. Бұл кезең – шын мәніндегі ұлттың рухани жанаруы, аспапты, әндік, ақындық өнер сияқты негізгі халықтық өнердің даму кезеңі болды. Қазақстанның байтақ территориясында әртүрлі дербес кәсіби композиторлық және орындаушы мектептер пайда болды, әрбір аймақ өз ерекшелігін сақтап отырды. Мысалы, Батыс Қазақстанның территориясы домбыралық күй - төкпені дамытудың орталығы болып есептелсе, Сарыарқа аймағы (Орталық Қазақстан) - әндерді орындаудың орталығы, оңтүстік-батыс аймақ (Қармақшы ауданы) эпостық жырды баяндаудың бай тәжірибесін сақтаған, ал Жетісу өңірі – айтыс дәстүрін – айтысушы ақындардың жарыс өнерін дамытады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Дина, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Естай, Ыбырай, Нартай, Мәди, Мұхит, Абай, Кенен Әзірбаевтың есімдері тек қазақ мәдениетіне ғана емес, әлемдік музыка мәдениетіне енді. Бұлар – қазақ музыка мәдениетінің шок жұлдыздары болып табылады. Олар халықтық музыканы дамытты, дербестіктерін сақтады, халық арасында үлкен құрметке ие болды.

Үздіктердің ішіндегі үздігін халық – сал, сері деп атаған. 19 ғасырдағы кәсіби музыканттардың шығармашылық қызметі орындаушылық және композиторлық саламен ғана шектеліп қойған жоқ, олар көркемдік баяндаудың барлық түрін – поэтикалық импровизация, шешендік өнер, нәзік вокальдық техника, музыкалық аспаптың құлағында ойнау, театр мен цирктік өнер ойынының элементтерін қамтиды, бұл Батыс Еуропаның орта ғасырлық музыканттары – жонглерлер, трубадурлар, труверлер, мейстер – миннзингерлермен ұқсастығы бар.

Жиырмасыншы ғасырда қазақ музыкалық мәдениеті жаңа әуендік және жанрлық түрімен байыды. Аз ғана кезеңдік тарихи уақытта Республика еуропалық классикалық музыканың көпдауыстылығы мен жанрлық арсеналын игерді. Бұл – опера, симфония, балет, аспаптық концерт, кантата, ораториялық, ансамбльдік, оркестрлік, хорлық орындау түрлері. Шығармашылықтың жазба түрінде қалыптасқан жаңа кәсіби композиторлық мектебі құрылды.

Ұлттық мазмұндағы синтездік іріктеу және 20 ғасырдың 30-40 жылдарындағы еуропалық түрді таңдау нәтижесінде қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары – Е.Брусиловскийдің “Қыз Жібек”, А.Жұбанов, Л.Хамидидің “Абай”, М.Төлебаевтың “Біржан - Сара” опералары дүниеге келді. Олардың драматургиялық және музыкалық негізі – қазақ фольклоры мен ауызша кәсіби музыканың шексіз мүмкіндігі арқылы жасалған. Опералық театр сахнасы 19 ғ. ақындары Біржан мен Сара арасындағы қызу айтыс, той дәстүрі. 19 ғасырдағы ұлт - азаттық көтеріліс батырының әндері, акын және күйші Махамбеттің және ән-жоқтаулар орындалатын аренаға айналды. 60-70 жж. Республикада еуропалық аспапты музыканың күрделі жанры-симфониялық музыка өнері өте жақсы дамыды. Ғ.Жұбанованың, Қ. Қожамьяровтың симфониялары, симфониялық күй-жаңа жанрлық синтез осылай пайда болды. Ұлттық аудитория қазақтың монодиалық музыкасының оркестрлік және интерпретациясын ерекше қабылдады. “Отырар сазы” фольклорлық-этнографиялық оркестр көпшілікке жақсы танымал өнер ұжымына айналды.

Б. Сарыбаев сияқты ғалым - фольклоршы қайта әкелген қазақ музыкалық аспаптары оның құрамына кірді. Күйлердің оркестрлік орындалуында батырлардың бейнелері, бәйге аттарының шабысы, кең даланың бауыры жазылған бейнесі, халықтық мейрамдар кезіндегі шерулер - барлығы бір арнаға тоғысады. Бұл ұжымның нақты бетінің танылуына осы ансамбльдің жетекшісі және дирижері, композитор және домбырашысы Н. Тілендиевтің аса көп еңбегі сіңді. Қазақстанның қазіргі даму барысында музыка мәдениетінің көп тармақты құрылымы қалыптасты.

Республикада Еуропалық жанрдағы орындаушылық және композиторлық шығармашылықпен қоса, әуенді шығарудың жаңа дәстүрлі, әлемдік көпшілік музыка (рок, эстрада, джаз) және әлемдік концессиялардың діни музыкасы, Қазақстанды мекендеген халықтардың – ұйғырлардың, кәрістердің, немістердің, дұңғандардың, орыстардың, татарлардың ауысша кәсіби фольклоры негіз салды. Республикада әртүрлі көркемдік профильдегі орындаушы ұжымдар - Мемлекеттік симфониялық оркестр, Құрманғазы атындағы Қазақтың халық аспаптар оркестрі, хор капелласы, халық би ансамблі, Мемлекеттік квартет, эстрадалық ансамбльдер, үрмелі және джаздық оркестрі пайда болды.

Қазақстан - әлемдік масштабтағы классикалық музыканы орындаушылар отаны. Ол - Е. Серкебаев, Б. Төлегенқызы, Ғ. Есімов, Ә. Дінішев, Ғ. Қадырбекова, А. Мұсақожаева, Ж. Әубәкірова, шетелдердегі қазақ музыкалық диаспорасының жұлдыздары – М. Бейсенғалиев, Ә.Құрманғалиев, ағайынды Нақыпбековалар.

Бүгінгі күні Республикада К.Байсейітова және А. Жұбанов атындағы арнаулы балалар мектебі, Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік Консерваториясы, Астанадағы Ұлттық музыка Академиясы, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры, Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік филармониясы, Қазақконцерт, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер Институты және басқа да музыкалық - біліми, ғылыми және мәдени мекемелер бар. Жыл сайын біздің тәуелсіз республикамыз “Жігер”, “Алтын алма”, “Жаңа музыка күндері”, “Азия дауысы” халықаралық сайысын, ал халық музыканттарын - дәстүрлі музыканың халықаралық фестивалін, жас орындаушылар фестивалін ұйымдастырады. Музыка бүгін мен болашақты, өткенді жалғастырушы алтын буын міндетін атқарып отыр.

МАЗМҰНЫ

- **КАЙРАЛАПОВА ЖАЙНАГУЛ**
- **ЖИЕНАЛИЕВА ЖЕНИСКУЛ БОЗГУЛОВНА**
- **МАХАНОВА ДАРИЯ ИВАНОВНА**
- **АЛЬМУХАММЕДОВ НУРКЕН АЛИМГЕРЕЙҰЛЫ**
- **ТӨЛЕКБАЕВА ЖАНСАЯ ҚАРШЫҒАҚЫЗЫ**
- **АБДРАМАНОВ КЕНЖЕҒАЛИ УТКЕЛЬБАЕВИЧ**